

2019 жылға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (Туркістан облысы) бойынша екі кезеңдік конкурс өткізу туралы хабарландыру

«СҚ-Фармация» ЖШС БСН 090340007747, мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» БО, 13-15 қабаттар, банктік деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, ЖСК KZ456010111000045697, БСК HSBKZKX Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес 2019 жылға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (Туркістан облысы) бойынша екі кезеңдік конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атаулары немесе құрамы, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атаулары немесе құрамы, олардың сипаттамалары және (немесе) техникалық ерекшеліктері және көлемі көрсетілген әрбір лот бойынша сатып алынатын қызметтердің атауы осы хабарландыруға №4 қосымшада көрсетілген.

Әлеуетті өнім берушілер 2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (Туркістан облысы) бойынша екі кезеңді конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімін Қағидаларға сәйкес толтырады және ұсынады.

Әлеуетті өнім берушілер 2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді қайта сатып алу (Туркістан облысы) бойынша екі кезеңді конкурсқа қатысу үшін конверттерге салынып желімделген конкурстық өтінімдерді қабылдау (тіркеу) 2019 жылғы 1 сәуірде сағат 10.00 минутта мына мекен-жай бойынша аяқталады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» Бизнес орталығы, 13-ші қабат, сатып алу басқармасы.

Әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған конкурстық өтінімдерді ашу рәсімі 2019 жылғы 1 сәуірі сағат 11.00 минутта мына мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 14/3, «Нұрсая» Бизнес орталығы, 15-қабат, мәжіліс залы.

2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтауға және тасымалдау жөніндегі сатып алынатын (Туркістан облысы) қызметтердің Техникалық сипаттамасы осы хабарландырудың №2 қосымшасында көрсетілген.

Әлеуетті өнім берушілер 2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алуға (Туркістан облысы) қатысу үшін конкурстық өтініміне осы хабарландырудың №1 қосымшасында көрсетілген әр лоттың сомасынан үш пайыз мөлшерінде кепілдік беруді қамтамасыз етеді.

Бірнеше лотқа қатысқан жағдайда әлеуетті өнім беруші әрбір лот бойынша жеке конкурстық өтінімге кепілдік беруі ұсына алады.

2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алуға (Туркістан облысы) бөлінген сомасы, орыны және мерзімдері осы хабарландырудың 1-қосымшасында көрсетілген. 2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алуға (Туркістан облысы) бөлінген сомасы сатып алу рәсімі Қағидалардың 110 және 111-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылған жағдайда өзгеруі мүмкін.

2019 жылға арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алу (Түркістан облысы) бойынша денсаулық сақтау саласындағы субъектілердің тізімі және мекен-жайлары осы хабарландырудың 3-қосымшасында көрсетілген. Қызметтерді көрсету мерзімі келісім шартқа жасалған кезеңнен 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда.

Әлеуетті өнім беруші Қағидалардың 2-тарауының біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек.

Екі кезеңдік конкурсқа қатысу үшін құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылады.

Аталған сатып алу бойынша қосымша ақпаратты мына мекен жай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі 14/3, "Нұрся" бизнес-орталығы, 13-қабат, сатып алу басқармасы немесе мына телефон бойынша 8(7172) 55-92-46.